

качестве источников гражданского права. Как и гражданские законы Западной Европы, казахские законы, применявшиеся для регулирования политических, гражданских вопросов в кочевом обществе вплоть до начала XX века, можно использовать в качестве источников гражданского права. Также без глубокого знания, основ регулирования вопросов наследования, брачно-семейных отношений, договоров купли-продажи, заключения сделок, разрешения гражданских споров относительно права собственности, предусмотренных законами, уставами, установлениями, принципами, законами шариата, решениями биев, положениями, законами имперского периода, которые являются источниками гражданского права, без опоры на накопленный кочевниками в ходе демократических процессов невозможно создание независимых законов независимого государства. Поэтому, поддерживая утверждение современных ученых о том, что «Законы, присущие казахскому государству – источники сводов законов, которые, очевидно, берут начало с эпохи Майкы бия» [11, с. 162], считаем необходимым далее продолжить исследовательские работы в данном направлении.

1. Ахметова Н.С. Обычное право казахов в XVIII – первой половине XIX века. - Караганда, 1990. - 136 с.
2. Валиханов Чокан. Избранные произведения / под редакцией академика АН Каз. ССР. А.Х. Маргулана. - Алма-Ата, 1952. - 643 с.
3. Туркестанские ведомости. – 1896. - I-XII.
4. Зиманов С.З. Суд биев – уникальная суюедная стстема. – Алматы, 2008. – 344 с.
5. ҚР О М М 64 қор, 1901 іс, 61 б.
6. ҚР О М М 64 қор, 1901 іс, 48 б.
7. Материалы по казахскому обычному праву / сост.: Культелеев Т.М., Масевич М.Г., Шакаева Г.Б. - Алма-Ата, 1948. Сб. 1. - 350 с.
8. Жеті Жарғы: Бұрынғы қазақтардың ел билеу заңы. –Алматы: «Айқап» баспасы, 1993. – 20 б.
9. Алексеев В.П., Першиц А. История первобытного общества: учебник для вузов по спец. «История». - М., 1990. - 351 с.
10. История политических и правовых учений: учебник / под ред. Нерсисянца В.С. – 2-е изд., перераб. и доп. - М., 1988. - 816 с.
11. Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования. 10 томдық. Өзгертіліп, толықтырылған 2-басылым / Бағдарлама жетекшісі: С.З. Зиманов. - Алматы: Жеті Жарғы, 2004. («Интеллектуал – Парасат» заң компаниясы). 1-том. Қазақша, орысша, түрікше, ағылшынша. – 2004. - 632 бет.

Д. Бейсембаева

ЗАҢИ КӨМЕК АЛУДЫҢ ТҮСІНІГІ МЕН БЕЛГІ-НЫШАҢДАРЫ

Заңи көмек – сан алуан көмектің бір түрі. Жалпы көмек адамның, жекелеген қоғамдық топтардың, тіпті мемлекет тіршілігінің маңызды элементтеріне теріс ықпалы бар табиғи, техногендік, әлеуметтік және өзге де факторлардың пайда болуы мен әсер етуі жағдайларында араласу мүмкіншілігін білдіретінін атап кеткен жөн. Бірақ бұл әсер етуші факторларды жалғыз адамның өзінің не белгілі бір әлеуметтік топтың жоюға не алдын алуға шамасы жетпейді. Олар шешілуі арнайы тәжірибе мен білімді, еңбек бөлінісі мен кәсіби дайындықты пайдалану арқылы жүзеге асыруды қажет ететін өмір сүру мен денсаулық, адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қорғау, стихиялық сипаттағы үрдістермен, құбылыстармен, табиғи апаттармен және т.б. күресу мәселелеріне қатысты болып табылады. Мұндай жағдайларда адамдар мүмкін не болып жатқан қолайсыз, жағымсыз салдардан кәсіби түрде сақтауға көмектесетін арнайы мамандарға жолданады. Мұндай жолдану арқылы қажетті көмекке мұқтаж адам көмекке зәру болғанда, еңбектің бөлінуі мен арнайы білімі бар мамандардың болуына байланысты бір кәсіпті екінші бір кәсіптен айырып қарау керек екендігін сезінеді. Осыны ескере отырып, ол сәйкес маманға жолданады. Белгілі бір маманға көмек алу үшін жолдану жағымсыз әсерлердің тоқтатылуын, зиянды салдардың азаюы не жойылуы, жоғалғанды қалпына келтіру немесе барды құтқаруды мақсат етеді.

Сәйкес маманның көмек көрсетуі, біріншіден, заң және мораль нормалары белгілі бір қызметті алу және жүзеге асыруды байланыстыратын, кәсіби және моральды міндет тұрғысынан іске асырылады. Жекелеген жағдайларда көмек көрсету үшін заң келісім шарттың белгілі бір нысанын жасауды талап етеді. Мысалы, әртүрлі табиғи апаттар болған жағдайларда бір мемлекет екінші бір мемлекетке көмек көрсетуі бұл әрекетті жасауға тікелей, нақты келісім болған реттерде ғана жүргізіледі. Мұндай жағдай жедел араласуды талап ететін медициналық көмек көрсету кезінде де кездеседі. Емделушіден (егер оның физикалық жәй-күйі нашар болса, онда жақын туыстарынан) операция жасау үшін жазбаша түрде келісім алынады. Жәбірленушіге көмек көрсетуі үшін арнайы маман оның физикалық, материалдық және өзге де зиян алу мүмкіншілігін қарастырады. Құтқарушы,

жекелеген жағдайларда, тиімді түрде көмек көрсету үшін өз мүлкімен, денсаулығымен, кейде өмірімен де тәуекелге барады. Сол себептен де көмек көрсету белгілі бір жәбірлермен тығыз байланысты болып келеді.

Аталғандардың негізінде, «көмек» түсінігінің белгілерін сипаттайтын белгі-нышандарды көрсетейік:

– адамның, белгілі бір адамдар тобының, адамдар қауымының тіршілік етуінің бір немесе бірнеше элементтеріне зиянды әсер ететін, маңызды зиянды салдарының басталуын туындатуға ықпал ететін табиғи, техногендік, биологиялық, әлеуметтік және өзге де сипаттағы теріс факторлардың болуы;

– жағдайды тануға, мән-жайды анықтауға бағытталған, зиянды салдардың алдын алуға бағытталған тиісті маманның белсенді кәсіби қызметі;

– көмек көрсетуге маңызы бар ақпараттарды жеткізуге бағытталған жәбірленушінің ынтымақтастығы;

– көмек көрсетуге арналған келісімнің (шарттың) белгілі бір нысанының болуы;

– көмек көрсетудегі физикалық, материалдық, моральдық және өзге де тәуекелдерге бару.

Аталған белгі-нышандарға қарап, «көмектің» мынадай түсінігін қалыптастыруға болады. «Көмек» – бұл адамның, белгілі бір адамдар тобының, адамдар қауымының тіршілік ету элементтеріне зиян тигізетін, зиянды салдардың алдын алуға және оны төмендетуге бағытталған, тиісті маманның белсенді кәсіби қызметі.

Заң ғылымында «білікті заң көмегінің» жалпы түсінігі жоқ. Сонымен қатар ол заңдарда да көрініс таппаған. Мысалы, көптеген авторлар аталған түсінікті кең және тар мағынада қарастыруға ұсыныс жасап жүр. Н.Н. Миняйленко жалпылама заң көмегін өз құрамында құқықтық нормаларды біріктіретін салааралық институт ретінде қарастырады [1, с.16]

Отандық зерттеуші С.Т. Тыныбеков заң көмегін мемлекеттік және қоғамдық органдардың қызметі үшін негізді құрайтын, олардың азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсетуде пайдаланатын әдістер мен құралдар ретінде қарастырады [2, с. 90]

Тар мағынада «заң көмегі» өз мақсаттары тұлғалардың ең жоғарғы деңгейде құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге жету болып табылатын, адвокатурамен, нотариатпен, жеке іздестіру қызметтерімен, заңды фирмалармен, қоғамдық ұйымдармен және т.б. жүзеге асырылатын, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мен қорғауға бағытталған шаралардың жүйесі.

«Заңды көмек алуға құқық» түсінігі ғылымда дау тудыратын мәселелердің бірі болып табылады. Құқықтың жалпы теориясында заңды көмек алуға құқық мәселесі тіптен қарастырылмайды, оны тек өзге де конституциялық құқықтардың кепілі ретінде көрсетеді.

Жалпы көмектің бір түрі ретінде заңи көмектің де белгі-нышандары дәл көмектің белгілері сияқты. Жеке тұлғаның тіршілік ету элементтеріне әсер ететін жағымсыз факторлардың болуы, атап айтқанда, оның жеке қауіпсіздігі, оның материалдық және физикалық қолайлығының қауіпсіздігі, қоғам мүшесі ретінде, мемлекеттің азаматы ретінде оның құқықтары мен бостандықтарының табиғи түрде жүзеге асырылуына қауіп төніп тұрған жағдайлар заңи көмектің пайда болуы мен іске асырылуына негіз болып табылады. Заңды тұлғалардың құқық және әрекет қабілеттіліктеріне әр түрлі қауіп-қатер төнген жағдайларда заңи көмек қажет болып келеді. Заңи көмекке кейде мемлекеттің өзі де жүгінеді. Мемлекетте көптеген заң актілері бар болған күннің өзінде оның негізгі ережелерін әрбір азамат біле бермейді. Сол себептен де адам өзінің жеке қауіпсіздігіне әсер ететін құқықтық (процессуалдық немесе материалдық сипаттағы) мәселемен қақтығысқанда аса қажетті қорғануды елестететіндей жағдайға тап болып, тиісті маманның көмегіне жүгіну қажеттілігі туындайды. Мұндай жағдайда әкімшілік, қылмыстық, азаматтық, шаруашылық құқықтардың нормалары қолданылады, себебі құқық нормаларының бұзылуының белгілері анықталған жағдайда мемлекет органының мәжбүрлеу күші негізге алынады. Тәжірибеде мәлім құқықтық мәселелерді (даулар, кикілжіндер және т.б.) құқық саласында арнайы білімі бар адамдар, заңгерлер шешеді.

Құқықтық сипаттағы мәселелерді шешуді қажет ететін тұлға заңгерді таңдағанда оның тек арнайы заңи білімінің болуымен ғана шектеліп қана қоймауы керек. Заңи көмек көрсетумен айналысатын заңгерлерде қалыптасқан даулы немесе дау алдында туындайтын жағдайларды тануға мүмкіндік беретін, сонымен қатар оның салдарын жоюға немесе азайтуға бағытталған тиімді ұсыныстарды жасайтын ерекше амалдары мен тәсілдері болады. Тәжірибеде, құқық қорғаушы немесе сот органдарының қарастыру заты бола қоймаған көп даулы жағдайлар материалды және материалды емес шығындарды азайтуға мүмкіндік жасау үшін, екі жақ бір-бірімен келісімге келуге ұмтылыс жасайды. Кәсіби қызметтің нормалары, сонымен бірге кәсіп тәртібі де осыны талап етеді.

Көмек алу үшін заңгерлерге жүгінгенде көмекті қажет ететін адам қаншалықты көлемде қажетті ақпараттарды беруді, бере алатындығын және тиісті екендігін сезінуі керек. Іс бойынша қажетті ақпараттар берілмесе, бірде-бір заңгер туындаған заңи қайшылықтарды шеше алмайды, оны шешу жолы мен құралдарын ойластыра алмайды да. Көмек қажет адамның алдында тағы бір мәселе орын алады. Аса қажетті көмекті көрсеткенде көбінесе адамның жеке өмірі, коммерциялық қызметі, тіршілік етуінің өзге де маңызды тұстарына араласушылық болады, сол себептен де адам сол заңгердің басқа адамдарға жеке ақпараттарды таратпауына сенімді болуы керек. Мұндай сенімділік тиісті заңгердің білетін кәсіби құпияның бар екендігіне негізделеді. Кәсіби құпиядан басқа, заң көмегін алуға жүгінген тұлға көмек көрсететін тұлғаның мемлекеттік немесе өзге де органдарға, лауазымды тұлғаларға тәуелді емес екендігіне сенімді болуы керек. Көмек көрсететін тұлғаның тәуелсіз болуы шынайы көмек көрсетуге кепіл болып табылады. Заңи көмек алуға жүгіну белгілі бір тұлғаның құқығы және белгілі бір заңгер-маманның құқықтық міндеті болып табылады.

Сонымен, келесі белгілердің жиынтығы «заңи көмек» түсінігін қалыптастырады:

Біріншіден, нақты жеке немесе заңды тұлғалардың тіршілік етуінің элементтеріне, құқықтық мәртебесінің табиғи іске асырылуына қауіп төндіретін, қолайсыз факторлардың әсер етуінің бар болуы.

Екіншіден, көмекке жүгінген жеке немесе заңды тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының қалыпты іске асырылуына қауіп төндіретін қалыптасқан даулы жағдайды түсінуге бағытталған заңгердің белсенді кәсіби қызметі.

Үшіншіден, заңи көмек көрсетуге арнайы келісім жасау қажет.

Төртіншіден, заңи көмекке мұқтаж адамның (талапкер, жауапкер, жәбірленуші, сезікті, айыпталушы және т.б.) көмек көрсету үшін қажетті ақпараттарды жеткізуге, құжаттарды, заттай және өзге де дәлелдемелерді беруге бағытталған өзі таңдаған заңгермен қарым-қатынас жасауы; кәсіби құпия заңгер мен заңи көмекті қажет ететін тұлғаның арасындағы сенімнің міндетті элементі секілді.

Бесіншіден, заңи көмек көрсететін заңгер басқа жеке және заңды тұлғалардан тәуелсіз және өзінің жеке мүдделерін тәуекелге қоя отырып әрекет етеді.

Алтыншыдан, көмек көрсету барысында заңгер заңи көмек көрсету үшін ерекше (көп жағдайда заңдармен реттелетін) құралдарды, амалдар мен тәсілдерді қолданады.

Жетіншіден, заңгер жағымды нәтиженің болуына кепіл бере алмайды.

Сегізіншіден, заңгер мен заңи көмекті қажет ететін тұлғаның арасындағы сенімнің міндетті элементі ретінде кәсіби құпияның болуы [3, с. 78].

«Заңи көмек» пен «құқықтық көмек» түсініктерінің айырмашылығын атап кеткен жөн болар. Біздің ойымызша, құқықтық көмек заңи көмек ұғымына қарағанда кеңірек болып келеді. Құқықтық көмек түсінігіне тұлғалардың әр түрлі әрекеттері ғана кіріп қоймай, оған белгілі бір құқықтық процедуралардың орындалуы да енеді. Мысалы, «құқықтық көмек» терминіне құжаттарды беру мен жіберу, процессуалдық әрекеттерді орындау, оның ішінде сараптама жүргізу, тараптарды, куәларды, сарапшыларды және т.б. тыңдау кіреді.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек халықаралық шартқа қол қойған тараптармен көрсетіледі. Мысалы, бұған 22 қаңтар 1993 жылғы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияны жатқызуға болады. Бұл Конвенцияға сәйкес Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттер-мүшелері бір-біріне процессуалдық және өзге де әрекеттерді орындау арқылы, Келісетін Тараптың сұранысымен заңдармен көрсетілгендей құқықтық көмек көрсетеді, атап айтқанда: құжаттарды жасау және жіберу, тінту мен алуды жүргізу, заттай дәлелдемелерді қайта жіберу және беру, сараптама жүргізу, тараптардан, айыпталушылардан, куәлардан, сарапшылардан жауап алу, қылмыстық қудалауды қозғау, қылмыс жасаған тұлғаларды іздестіру және ұстап беру, азаматтық істер бойынша сот шешімдерін, азаматтық талап бөлігі бойынша үкімдерді, атқарушылық жазуларды, сонымен қатар құжаттарды тапсыру арқылы тану және орындау және т.б. [4].

Атап өткендей «құқықтық көмек» «заңи көмекке» қарағанда ауқымды ұғым болып табылады. Мұны мемлекеттердің халықаралық құқықтық қатынастарды қамтамасыз ету барысында өзара әрекет етулерінен байқауға болады.

Заңи көмектің заңи қызмет көрсетуден айырмашылығы бар. Заңи қызмет көрсетуге қарағанда заңи көмек пайда табуды көздемейді, өзінің табиғаты бойынша компенсациялық (яғни бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге бағытталған) сипатқа ие болып табылады және мемлекет пен азаматтың қатысуымен құқықтық дау-дамайларды әлеуметтік реттеу механизмінің бөлігін құрайды. Мысалы ретінде адвокаттардың ҚР премьер-министріне жолдаған ойларын келтіруге болады. «Предназначение адвокатуры – содействие осуществлению правосудия, защита законных прав и

свобод граждан, юридических лиц, представительство их законных интересов в судах и в отношениях с третьими лицами... Адвокатская помощь является разновидностью гуманитарной (общественной) деятельности, реализует важную социальную миссию и никак не может отождествляться с коммерцией и предпринимательством» [5].

Аталғандардың негізінде «заңи көмек» көптеген құрамдас белгілері мен элементтер жиынтығы негізінде ашуды талап ететін күрделі ұғым екенімен келісу қажет.

Заң көмектің элементтеріне субъектілер, заңи көмектің заты немесе объектісі, тұлғалардың сапасы не әрекеті, мақсаты мен міндеттері жатады.

Заңи көмек үш түрлі субъектілерден тұрады. Бұл заң саласында әрекет ететін субъектілер. Сонымен қатар бұл заңи көмек көрсететін субъектілер (заңи көмек көрсететін субъектілер). Соңғы субъектілер – заңи көмек көрсетілетін тұлғалар (заңи көмек алуға құқықтың субъектілері).

Заңи көмек көрсететін субъектілер іске асырылуының нысаны мен тәртібіне байланысты болып табылады:

- мемлекеттік билік органдары;
- білікті заң көмегін көрсету жөнінде қызмет көрсететін заңды және жеке тұлғалар (заң фирмалары, жеке дара тәжірибеде жүрген заңгерлер);
- білікті заң көмегін көрсетуді негізгі және түпкілікті қызмет түрінде жүзеге асыратын ұйымдар (адвокатура, нотариат);
- халыққа тегін білікті заң көмегін көрсететін «заң клиникасын» құрған заң бағытындағы білім мекемелері.

Конституциялық құқықта заңи көмек алу құқығының субъектілері болып азамат, мемлекет, заңды тұлғалар табылады. Халық және әлеуметтік қауым бұл құқықтың субъектісі бола алмайды, себебі ол құқық жеке дара іске асырылады және ұжымдық құқықтың қатарына жатпайды, яғни тұлғаның жеке өзі іске асыра алмайтын, іске асырылуы тек белгілі бір ұжымының құрамында ғана жүргізіледі [6, с. 18].

Заңи көмектің затының ерекшеліктерін қарастырайық. Заңи көмектің заты туралы доктринаның дамуы келесідей көрініс тапты: алғашқыда заңи көмектің заты тұлғаны қылмыстық жауаптылыққа тарту үрдісінде туындайтын қатынастар танылды. Кейініректе қорғауға құқық кез келген заңды жауаптылықтың түріне тартылған тұлғаларға тарала бастады [7, с. 24].

О.Э. Лейст өз еңбегінде былай деп жазады: «обеспечение лицу, к которому применяется (или может быть применена) санкция, права на защиту - важнейший и общий принцип ответственности по советскому праву. Реализация этого принципа обеспечивается именно процессуальной формой самой ответственности» [8, с. 112].

Ғылыми ойдың келесі кезеңі заңи көмектің әрекет ету аясының тек қылмыстық және әкімшілік сот істерін жүргізуге таралуын көздеп қана қоймай, оны азаматтық сот ісін жүргізуге де таралуын көздеу болды. Мысалы, М.В. Баглай былай дейді: «Это право предполагает, что каждый, кто нуждается в квалифицированной юридической помощи, может получить ее, обратившись к адвокату. В Уголовном процессе адвокат выступает защитником подозреваемого, обвиняемого, подсудимого и осужденного, а в гражданском - представляет интересы истца, ответчика, третьего лица. Юридическая помощь может оказываться также лицам, привлекаемым к административной ответственности» [9, с. 254].

Қазіргі кезде «заңи көмектің» заты болып құқықтық сипаттағы заңи қызмет көрсетіліп жатқан субъектіге көмек алу барысында туындайтын құқықтық қатынас табылады. Құқықтық сипаттағы қызметтерге мыналарды жатқызуға болады:

1) заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін қолданымдағы заңдарға негіздей отырып түсіндіру мәселелері бойынша ауызша және жазбаша түрде кеңес беру;

2) заңи маңызы бар әр түрлі құжаттарды, атап айтқанда, өтініштерді, арыздарды, ұсыныстарды әзірлеу және жасау;

3) конституциялық, азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуде заңды және жеке тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету және қорғау;

4) арбитражды сот ісін жүргізуде және өзге де шаруашылық қызмет субъектілерінің дауларын шешу тәртібінде заңды және жеке тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету және қорғау;

5) қылмыстық сот ісі жүргізуде және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды және жеке тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету және қорғау;

6) аралық сотта, халықаралық коммерциялық арбитражда және дауды шешетін өзге де органдарда заңды және жеке тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету және қорғау;

7) мемлекеттік билік органдарында, өзін-өзі басқару органдарында, қоғамдық ұйымдарда және өзге де ұйымдарда заңды және жеке тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету және қорғау;

8) мемлекеттік билік органдарына, өзін-өзі басқару органдарына сайлануға байланысты заңды және жеке тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету және қорғау;

9) мемлекеттік билік органдарында, сотта және шет елдердің құқық қорғаушы органдарында, шет мемлекеттің аумағында заңды және жеке тұлғалармен қатысты, халықаралық ұйымдарда және халықаралық сот органдарында, егер шет мемлекеттердің заңдарында, халықаралық ұйымдардың және халықаралық сот органдарының жарғылық құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе тұлғалардың мүдделеріне өкілдік ету және қорғау;

10) заңды және жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметін заңды қамтамасыз ету бойынша заңи маңызды процедураларды өткізу;

11) мәмілелердің барлық түрлерін заңға сәйкестендіруді қамтамасыз ету, оның ішінде меншік құқығының пайда болуы, өтуі және тоқтатылуымен байланысты, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтардың қорғалуымен байланысты мәмілелердің түрлерін қоса алғанда;

12) салықтық құқықтық қатынастарда өкіл ретінде қатысу.

Білікті заң көмегін алуға құқықты жүзеге асыру нысандары заңи көмектің түріне байланысты болып табылады:

- заңды (адамның туылуына байланысты пайда болатын) және іс жүзіндегі (жеке әрекеттерді іске асыру арқылы) етіп бөлуге болатындай құқықты иелену;

- құқықтық қатынасқа түспей-ақ жүзеге асыруға болатын құқықты пайдалану.

Заңды көмек алуға құқықтың негізгі қағидалары – заңдылық, әділеттілік, адамгершілік, жариялылығы, теңдік қағидасы, заңи көмектің біліктілік сипаты, әдептілік, жеткіліктілік болып табылады.

Сонымен, білікті заң көмегін алуға құқықты адвокаттың (қорғаушының) қатысуымен жүзеге асыру сот өндірісінің жарыссөз және тараптардың теңдігі негізінде жүзеге асырылуына, іс бойынша шындықты анықтауға, заңды, негізделген сот шешімін шығаруға ықпал етеді.

1. Миняйленко Н.Н. Право на юридическую помощь и механизм его обеспечения в современной России (теоретико-правовой аспект): автореф. дис... канд. юрид. наук. - СПб., 2000. – 30 с.

2. Тыныбеков С.Т. Участие адвоката в обеспечении интересов личности: процессуальные проблемы // Вестник КазНУ. Серия юридическая. – 2002.- №4. – С. 89-92.

3. Мельниченко Р.Г. Право на юридическую помощь: конституционные аспекты. – Волгоград, 2003.

4. Конвенцию о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам от 22 января 1993 г. // Справочная правовая система «Параграф».

5. Открытое письмо адвокатов премьер-министру РК. <http://www.zakon.kz/our/news/news.asp?id=30200047>

6. Карманов А.Ф. Соглашение об оказании юридической помощи как форма реализации конституционного права на получение квалифицированной юридической помощи: автореф. дис. ... канд.юрид.наук. – М., 2006. – 25 с.

7. Стецовский Ю.И., Ларин А.М. Конституционный принцип обеспечения обвиняемому права на защиту. – М., 1988. – 234 с.

8. Лейст О. Э. Санкции и ответственность по советскому праву. – М., 1981. – 435 с.

9. Баглай М.В. Конституционное право Российской Федерации: учебник для юридических вузов и факультетов. – М., 1998. – 456 с.

В данной статье рассматривается понятие и признаки право на получение юридической помощи, также раскрываются элементы юридической помощи.

In this article is devoted to particulars and elements right of legal helps.

М. Умбетов

АДАМ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНА КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯН ЖӘНЕ МОРАЛЬДЫҚ ЗИЯН КЕЛТІРІЛГЕНІ ҮШІН ЖАУАПҚЕРШІЛІК

Адам өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян жалпы негіздерде өтеледі. Тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген кезде мүліктік зиянның сипаты мен құрамына сүйену керек. Оның дәл осы ерекшелігі осындай зиянды өтеу мәселелерін бөлек қарастыру қажеттілігін туындатады.

Азаматтың шарттық міндеттемелерді, еңбек (қызмет) міндеттерін, әскери қызмет міндеттерін орындауы кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның өтелетіндігіне кепілдік беріледі [1].

Азаматқа жаракат немесе денсаулығына өзгедей зақым келтірілген кезде жәбірленуші жоғалтқан, онда болған немесе анық иелене алатын табыс (кіріс), сондай-ақ денсаулыққа зақым келтіруден туындаған шығындар (емделуге, қосымша тамақтануға, дәрі-дәрмектер сатып алуға, протез салғызуға, бөгде адамның бағып-күтуіне, санаторий-курорттық емделуге, арнайы көлік құралдарын сатып алуға, басқа мамандыққа даярлауға және т.б.), егер жәбірленуші көмек пен күтімнің осындай